



**Автор:** Макенова Баржаксы Нурлыбековна

**Пән:** Математика

**Сынып:** 1-сынып

**Бөлім:** Сандарды салыстыру және өлшем бірліктері

**Тақырып:** Ұзындықты қалай өлшейміз?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.1.3.1 ** ұзындық/масса/көлем (сыйымдылық); өлшеуге арналған әдістерді, құралдарды таңдау; өлшеу 1.1.3.2 ** см/кг/л өлшем бірліктерін қолдану арқылы шамаларды өлшеу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Ұзындық шамаларын ажырата білу, құралдарын дұрыс таңдай алу. • Көптеген оқушылар: Ұзындықты өлшеу және нәтижесін тиісті өлшем бірлігімен жазу.
Тілдік мақсаттар:	Ұзындық өлшеу құралдарын дұрыс пайдалану. Тірек сөздер: өлшеуіш, сантиметр
Күтілетін нәтиже:	Ұзындық шамаларын ажырата біледі, құралдарын дұрыс таңдай алады. Ұзындықты өлшейді және нәтижесін тиісті өлшем бірлігімен жазады.
Бағалау критерийлері:	Ұзындық шамаларын ажыратады, құралдарын дұрыс таңдайды. • Ұзындықты өлшейді және нәтижесін тиісті өлшем бірлігімен жазады.
Құндылықтарды дарыту:	Қарым-қатынас жасау, сын тұрғысынан ойлау
АКТ-ны қолдану дағдылары:	бейне жазба, интернет желісінен ізденеді.
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану
Бастапқы білім:	Кез келген заттардың ұзындықтарына, биіктіктеріне қарай салыстыруды біледі.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (4 мин)	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында психологиялық ахуал туғызу. Математика сабағын, Жақсылап ұғып аламыз. Сәулесі деп сананың, Мәнінен ой табамыз. -музыка	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 мин)	<p>Бірлескен оқу әдісі «Математикалық балық аулау» әдісі Тақтада балықтар ілініп тұрады. Әр балықтың тапсырмасы бар. Балықты таңдау арқылы, қосу мен азайту амалына берілген тапсырмаларды орындау. «Аралдарға саяхат жасау»- 3 тілде айту «Өткен сабақты қайталау» Маймыл-обезьяна-monkey -геометриялық фигуралар -нүкте, сызық, кесінді Жаңа сабақ Тотықұс-попугай-parrot Жұппен жұмыс</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қалай ойлайсыңдарқандай құралмен өлшем жүргізуге болады? (сызғыш, метр, рулетка)</li> <li>• Сызғыш, метр, рулетка қандай құралдар? (ұзындық өлшеу құралдары)</li> <li>• Ұзындық өлшеу құралдарымен не істейді? (балалар өздері жаңатақырыпты ашады)</li> </ul> <p>Жаңа сабақ: Сызғышты анықтап қарап шығыңдар. Некөріп тұрсыңдар?(сызықшалар) Сызғыштағы сандар арасындағы аралық 1см құрайды. Ұзындықтың өлшем бірлігі- см. Оны сендер 0-ден 1-ге дейін, 1-ден 2-ге дейін және т.б. аралыққа қарасаңдар көресіңдер. Өлшемдер дұрыс болуы үшін сызғышты дұрыс орналастыру керек: заттың басында Осанымен дәл келуі керек. САНТИМЕТР- ұзындықтың өлшем бірлігі. ӨЛШЕУІШ-заттардың ұзындығын өлшеуге арналған құрал. ҰЗЫНДЫҚ – өлшеуге келетін шама . (Д). Піл-слон-elephant 1-тапсырма:оқу құралдарын өлшеп, тиісті өлшем бірлігімен жазу.(см,дм) Мақсаты:Ұзындық шамаларын ажырата білу, құралдарын дұрыс таңдай алу. • Өз бетінше оқу дағдысы қалыптасады. Дескриптор • Өлшеді • Тиісті өлшем бірлігімен жазды. Әр оқушы суреттерді көрсету арқылы өзін-өзі бағалайды.</p>	<p>Ұзындық өлшем бірліктерінің суреттері. См, дм</p> <p>Сызғыш, метр Ұзындық өлшеу құралдары. кесте</p>
Сабақтың соңы (6 мин)	<p>Диалог әдісі (Ж) 2-тапсырма Дәптермен жұмыс Балалар сызғыш көмегімен өлшейді, жазады, салыстырады. (жұпта деңгейі жоғары оқушымен деңгейі төмен оқушы отыру мүмкін осы кезде саралау әдісі де жүзеге асады) Мақсаты:Ұзындықты өлшеу және нәтижесін тиісті өлшем бірлігімен жазу. Дескриптор • Дұрыс өлшеді, жазды. • Салыстырды Бір-бірін бағалайды</p>	микрофон
Рефлексия (5 мин)	<p>"Ашық микрофон" әдісі Қай тапсырма қиын болды? -Не білгін келеді? Мұғалім әр оқушыға кері байланыс береді .</p>	